



РЕДАКТОРДАН

Цифрлық толқынның шыңында

Армысыз, ардақты оқырман!

Осы жылдың 1 қыркүйегінен бастап отандық мектеп толығымен жаңа режимге көшуге мәжбүр болып отыр. Бұл жаңа режим «онлайн-оқыту», қарапайымен тілмен айтқанда «қашықтықтан оқыту» деп аталады. Көптеген жылдар бойы, тіпті ғасырлар бойы үйреншікті, қалыпты болып кеткен көріністер: күздің басы, салтанатты жиындар, балалардың ү-шуы, көңілді жаз туралы естеліктер, алғашқы қоңырау, ашық сабақтар. Нағыз білім мерекесі, ұмытылмас әсерлер. Поэзия.

Енді мұның бәрі күңгірт тартып, бұрынғы сұлулығын жоғалтты, рас, кейбір жерлерде бастауыш сынып оқушылары үшін кезекші топтар жұмыс істейтін болады. Бірақ, бұл мәселе де әлі толық шешілген жоқ.

Мұндай жағдайда біз «уақыт талабы» деген ауызекі-сөйлеу клишесін жиі қолданамыз. Сонымен, уақыт біздің өмірімізді онлайн режимге өзгертуді талап етті. Тіпті таяу болашақта мектептер мен басқа да оқу орындары физикалық тұрғыдан жанданса да, бір нәрсенің бұлжымайтыны анық: кеше ғана құлаққа жағымды болып естілген «күндізгі оқу» деп аталатын ашық оқытудың бұрынғы үстемдігі, өкінішке орай, өткеннің еншісіне кетеді.

Бұл режим кеңейіп, барлық салаларға, бірінші кезекте – білім беру саласына, цифрлық қоғамдастық заңдары мен практикасына таралып жатыр. Қатаң есеп бойынша, біздің оқу орындарымыздың жалпы санының үштен бір бөлігін құрайтын алдыңғы қатарлы мектептер, колледждер, университеттер бұл жаңа режимге еш қиындықсыз көшті. Әдетте, мұндай жаңалықтан еліміздің шалғай түкпірлерінде орналасқан ауылдар артта қалып қояды.

Алайда, шын мәнінде табанды, шығармашылық қабілеті дамыған балаларға ешқандай шеңбер де, шектеулер де кедергі бола алмайды. Журналдың осы санында біз онлайнды өзіне және қоғамға қызмет еткізіп, өзінің өмірлік және кәсіби жетістіктерінің негізін қалаған адамның бірі – Антон Моргуновпен болған сұхбатты береміз. Мұндай құбылыстар феноменнен жаппай құбылысқа айналған кезде, «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы мен пандемияға байланысты оқытуды жеделдетілген, мәжбүрлі қайта құру айтарлықтай нәтиже береді деп айтуға болады.

Бұл жағдайда шектен шығып кетуге болмайды. Біздің ойымызша, журналда жарияланатын Қостанай облысының материалдар жиынтығы кез келген, тіпті ең батыл жобалардың өзінің берік орныққан дәстүрлерге, үлкен идеямен біріккен адамдардың бірлескен шығармашылығына негізделуі керек екенін көрсетеді.

Шынайы, жанды қарым-қатынасты виртуалды қарым-қатынас аяусыз алмастырып жатқан кезде, ерікіз бір-біріне жатырқап, араласпай кетуге, ортада болып жатқандай әсер қалдыратын қарым-қатынастың қолжетімділігінде шектен тыс жекешеленуге, оқшаулануға жол бермеу керек.

Мұны қазіргі қашықтықтан оқыту режиміне көшу кезінде де жүзеге асыруға болады. Сондай-ақ тәрбиеге де көп көңіл бөлу керек. Ең бастысы – нәтиже: тамаша маман, қалыптасқан тұлға.

Мұғалімдердің, оқытушылардың, ата-аналардың, білім беруді ұйымдастырушылардың жауапкершілігі бірнеше есе артты. Өйткені, цифрлық толқынның шыңында өзіңнің сүйенішіңнің мықты екенін сезіну – бұл үлкен өнер. Біз балаларымыздың бойында осындай табандылықты, қайсарлықты тәрбиелеуіміз керек.

Оля Шиленко